



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛДЕУ РЕТІНДЕ ЖАНДАНУЫ

Марат Нұрдәулет Маратұлы, Әсіл Нұрдаулет Оңғарбекұлы,
Ерканова Нурай Нурланқызы


nurdaulet_98.11.15@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің физикалық және экономикалық кафедрасы, география мамандығының 2 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: г.ғ.к., профессор м.а., Ауезова З.Т.

Ұлы Жібек жолының негізгі және басым бөлігі Орта Азия мен Қазақстан жерінің үстімен өтті. Бас сауда жолы Тянь-Шань тауларының бөктерімен жүріп, Сырдария, Талас, Шу, Іле алқабын кесіп өтіп, Қытайға қарай созылып жатты. Оның тармақтары бұрын Яксарт, кейінірек Сейхун деп аталған Сырдария жағасымен Аралды бойлап Жайық өзеніне, ары қарай Қара теңіз жағалауына, Византияға және Батыс Еуропаға өтті.

Басты жолдан Орталық Қазақстан даласымен Сарыарқаға, Ертіске, Алтай мен Моңғолияға апарар жолдар тарамдалып жатты. Жолдың бойында Испиджаб, Тараз, Құлан, Аспара, Алматы, Талхир, Қаялық, Усбаникет, Отырар, Түркістан, Сауран, Сығанақ, Янгикент, Сарайшық қалалары бой көтеріп қалаларда сауда саттық дамыды.



Сурет 1. Ұлы Жібек бойындағы Қазақстан қалалары

Ал, Отырар, Тараз, Сайрам (Испиджаб), Түркістан (Яссы), Суяб, Баласағұн т.с.с көне қалалар тек сауда ғана емес, мәдениет және білім, ғылым орталықтары болды. Ертеде Тараз қаласындағы сауда базарын көргендер «Тараз базары – әлем айнасы» дейтін. Себебі, бұл жақта кез келген дүниені айырбастауға, сату мен сатып алуға болатын. Мыстан жасалған тұрмыстық бұйымдар мен қару-жарақтар, киім-кешек пен ер-тұрмандар саудаға түсетін.

Мұндай экзотикалық тауарлардың тізімі өте үлкен. Олар: хош иісті заттар – жасмин (ақгүл, ақтамақгүл) суы мен асбра иіс майлары, кардамон астатымы, мускат жаңғақтары, женьшень мен дәрі-дәрмектер, кілемдер мен кенептер, бояулар мен минералдық шикізаттар, алмас, яшма, янтарь мен теңіз маржандары, морж сүйегі мен азу тістері, алтын мен күмістер, қымбат терілер мен теңгелер, садақ-жебелер, қылыш пен найзалар және бұдан басқа көптеген

заттар табылған.

Қазақстандық археологтар ортағасырлық қалаларға қазба жұмыстарын жүргізу барысында тауып алған металл ақшалар алыстағы Қытай мен Византияда, Иран мен Үндістанда соғылған. Сонымен қатар, сол елдерден керуендер арқылы жеткізілген басқа заттарды да кездестірді.

Ежелгі Талхир қаласына жүргізілген қазба жұмыстарының нәтижесінде Иранда жасалған қола табақ пен қытай фарфоры, жапонның фаянс ыдыстарының сынықтары да аршылып алынды. Осы ирандық ыдыстар Алматыдағы Орталық мемлекеттік мұражайдағы экспозицияға қойылған. Жібек жолын зерттеудің әрі маңызды, әрі сирек олжасы – Отырардан табылған күміс ақша мен заттар көмбесі.

Көмбедегі тиындардың жиыны таңғаларлық. Ол жерде Шығыс Түркістан қалалары – Алмалық, Пулад, Эмиль (Еміл), Орда әл-Азамның; еуропалық Қырымның; малайзиялық Сива, Кони, Тебриздің; қазақстандық Жент қалаларының ақшалары жинақталған. Ақшалардың соғылған уақыты XIII ғасырдың 40–60 жылдары.

Заттардың ішінен, әсіресе, күмістен жасалған ұйғыр жазуы бар құрама белдік жапсырмалар, ортаазиялық бұрама білезіктер, поволжиялық өрме білезіктер, Кіші Азия қалалары шеберханаларының бірінде жасалған белдік айылбастар – теңдесі жоқ жәдігерлер болып саналады.

Көмбе Моңғол империясы кезіндегі Жібек жолы бойында орналасқан қалалардың айғағындай дәлелдеп отыр. Әсіресе, Қазақстандық көне қалалардың ірі сауда орталықтары мен халық қоныстанған елді-мекендер болғандығын көптеген дәлелдемелер көрсетіп отыр. Сонымен қатар, сонау көне дәуірлерде ірі сауда орталықтары болған, үйіндіге айналып кеткен көне қалалардың тарихы туралы археологиялық зерттеулер де анықтап отыр.

Жалпы Жібек жолы кезінде Қытай, Үндістан және Греция сияқты үш басты өркениетті ұштастырған халықаралық көпір ретінде, ірі сауда жолына айналған. Сонымен қатар, тарихи дәлелдемелер мен археологиялық қазба жұмыстарына сүйенсек Қытайдың көне қаласы Шан-Ан кезінде дүниедегі ең дамыған халықаралық алып қала болғандығын және ірі сауда орталығы болғандығын дәлелдейді.

Қазіргі таңда Еуразия елдері ғана емес, сондай-ақ барлық әлем Жібек жолын қайта жаңғырту жобасы өңірдің көптеген елдері үшін болашағы зор транзиттік дәліз ретінде қарайды. Жібек жолы тарихи мәні бар халықаралық даңғыл жол. Кезінде Жібек жолы байырғы Қытайдың, Үндістанның, Парсы елдерінің және Араб мәдениетін, Грек мәдениетін яғни батыс пен шығыс елдерінің арасындағы мәдениетті дамытты. Бірақ ұзақ уақыт бойы біздің дәуірімізге дейінгі екінші ғасырда болған керуен жолдарына аса мән берілген жоқ. Тарихи бағытты қайта жаңғырту туралы XX соңында ғана аса күрделі ауа райы жағдайында тиімділікті сақтай отырып, үлкен трансконтиненттік тасымалдарды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін технологиялар мен көлік пайда болғанда ғана айтыла бастады.[1]

Жекелеген көлік дәліздерін құру Ұлы Жібек жолы бағытын жаңғырту ретінде 2012 жылы қалыптасты. Онда Шетел инвесторлары кеңесінің 25-ші отырысында ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Жаңа Жібек жолы» ауқымды жобасының бастау алғанын жариялаған болатын. Қытай Халық Республикасының төрағасы Си Цзиньпин 2013 жылы қыркүйекте Қазақстанға жасаған ресми сапары барысында алғаш рет Назарбаев Университетінде Орталық Азия елдерімен бірге Еуропа мен Орталық Азияны жалғайтын «Жібек жолы экономикалық белдеуін» құру бастамасын, ал осы жылдың қазанында ҚХР Төрағасының Индонезияға барған сапарында Қытайдың Батыс, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азия, сонымен қатар Шығыс Африка және Еуропа елдерімен ынтымақтастықты кеңейту үшін «XXI ғасырдың теңіз Жібек жолы» бастамасын ұсынды. Қазіргі таңда Қытай ең ірі екі экономикалық жобаны жүзеге асыруда: құрлықта «Жібек жолы экономикалық белдеуі», теңізде «XXI ғасырдың теңіз Жібек жолы» қалыптасуда.

Әлемнің көптеген елдерімен салыстырғанда үш онжылдықта Қытайдағы құрылымдық өзгерістер мен қарқынды өсім оны әлемдік экономиканың локомотиві мен экономикасы жетекші мемлекеттердің бірі етті. Бұл ел сондай-ақ әлемдегі өнеркәсіптік өнімнің көптеген

түрлерінің ірі өндірушісі және экспортеріне айналды. Қытайдың Қазақстанның да, Еуразиялық экономикалық одақтың басқа да мүшелерінің негізгі сауда-экономикалық әріптестерінің бірі екендігін атап өтпеу мүмкін емес.

Сонымен, Қытай мен Ресей Европалық Одақ елдерінен кейін (жалпы тауар айналымының 14% және АҚШ-тың 10,6 млрд долл) Қазақстан Республикасының жүк айналымында үшінші орында және қазақстандық өнімдерді тұтыну (12%) бойынша ЕО кейін екінші орынды алып отыр. Қытай, сондай-ақ Қазақстан экономикасының ең ірі инвесторларының бірі болып табылады (2005-2017 жылдары аралығында Қытайдың тікелей шетелдік инвестицияларының көлемі АҚШ-тың 13 млрд долл. жетті) және де ТМД бойынша Қазақстан да Қытай сауда серіктестерінің арасында Ресейден кейінгі екінші орында. [2]


Әрине, бұл жоба түрлі салалардағы сауда, экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық үшін жаңа жолдар ашуға мүмкіндік бермек. Ал, өз жобасының практикалық бастамасын іске асыру үшін Қытай Азия инфрақұрылымдық инвестициялар банкі (100 млрд. АҚШ доллары) және Жібек жолы қоры (40 млрд. АҚШ доллары) сияқты жаһандық даму қаржы институттарын жасап отыр және оларды халықаралық инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға бағыттамақ. Мұндай стратегиялық жобаларға арналған қаражатты Қытайдан басқа кез-келген ел бөле алмайды. Қытай 2018 жылға дейін 8 трлн АҚШ долларына тауарларды Азиядан мен Еуропаға импорттауды және осы аймақтарға 450 млрд АҚШ долларын инвестициялауды жоспарлаған болатын. Демек, Жібек жолы экономикалық белдеуінің сөзсіз артықшылығы оның қаржылық және экономикалық қамтамасыздығында болып табылады [3].

Еуразия кеңістігінде кең ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруда Еуразиялық экономикалық одақ мемлекеттері де және Қытай да мүдделі екенін түсіндіреді.

Еліміз Жібек жолы экономикалық белдеуін жандандыруда көптеген тәуекелдерге барып отыр. Қытайдың жоспары «Жібек жолы» атты экономикалық жобаны желеуге алып, күш қолданбай-ақ Орта Азия және Оңтүстік Азия елдерін қоршап алу: теміржол, тас жолы, порттарды салып, экономикалық жұмыс күшін қолдану арқылы экономикалық, мәдени, саяси экспансия жүргізуі әбден мүмкін, оның үстіне 40% табиғи ресурстарымыз Қытайдың қолында болса, «Жібек жолы» экономикалық жобасының пайдасынан, болашақта залалы болады ма екен деген сұрақтар күмән келтіреді [4].

Қазіргі таңда Жібек жолы экономикалық белдеуі және еліміздің «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында Қазақстан, Ресей және Қытай мемлекеттерін байланыстыратын «Еуразия» каналын салу жоспарлануда. Бұл каналдың жалпы ұзындығы 7700 км-ден асады деп күтілуде (Қазақстан – 2200 км, Ресей – 1800 км, Қытай – 3300 км).

**ЕУРАЗИА КАНАЛЫ АРҚЫЛЫ ӨТЕТІН ТРАНЗИТТІК «ЖІБЕК ЖОЛЫ»
ЭКОНОМИКАЛЫҚ БЕЛДЕУІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БӨЛІГІ**



Сурет 2. Еуразия каналының Қазақстандық бөлігі

Қоғамдық-экономикалық тәуекелдіктері:

- адам денсаулығындағы өзгерістер;
- жоғары кәсіби мамандардың жетіспеуі;
- халықтың өмір сүру деңгейіндегі өзгерістер;
- қылмыстың көбеюі [5].

Ұлы Жібек жолын жандандыру – ел мен елді табыстырып, салт-дәстүрі мен мәдениетін насихаттаудың бірден бір жолы. Сол себепті оның мүмкіндіктерін мойындап, оның кеңірек дамуына қолдау көрсеткеніміз жөн. Жалпы ертедегі Жібек жолын жандандыруда тәуелсіз Қазақстанның алатын орны ерекше.

Жібек жол экономикалық белдеуі - тек транзиттік көлік жобасы емес, экономикалық, саяси және гуманитарлық салалардағы тығыз қарым-қатынастарды қалыптастыруға бағытталған аймақтағы бірқатар мемлекеттердің экономикалық дамуының кешенді жоспары

Жоба бес принципке негізделген: саяси байланыстарды нығайту; автомобиль және теміржол желілері, құбырлар мен байланыс желілерін құру; еркін сауда және экспортты кеңейту; ұлттық валютадағы есеп айырысуларға өту есебінен шетел валютасының ағымын ұлғайту; аймақтардың халықтарының жақындасуы.

Бүгінгі күні Еуропаның Азия нарықтарына арналған сауда нүктелерін белсенді іздейтіні, ал Азияның еуропалық нарыққа қызығушылығын Жібек жолы экономикалық белдеуінің өзектілігін арттырып отыр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мұқаметханұлы Н., Кәрібжанов Ж. Қытайдың сыртқы саясаты және Қазақстанмен қатынасы (2005-2015 жылдар). - Алматы: Қазақ университеті, 2013, 254 б.
2. Байпақов К. «Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан», - Алматы, 1992, 34 б.
3. Сыроежкин К.Л. Концепция формирования «экономического пояса на Шелковом пути»: проблемы и перспективы// Казахстан в глобальных процессах. – №1, 2016. – С. 54-64.
4. Хансен В. «Великий шелковый путь». - Центрполиграф, 2014, 18-19 б.
5. Тавровский Ю. «Новый Шелковый путь. Проект XXI века»- Эксмо, 2017, 120-122 б.

УДК: 14.01.01

ОСОБЕННОСТИ РАССЕЛЕНИЯ И РАЗМЕЩЕНИЯ НАСЕЛЕНИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Матайбеков Айбек Ержанұлы

aibek_mataibekov@mail.ru

Магистрант второго курса специальности “География” Государственного университета имени Шакарима г.Семей

Научный руководитель доктор географических наук Бельгибаев М.Е.

В последнее время на развитие расселения Казахстана большое влияние стали оказывать процессы, связанные с формированием рыночных отношений. Это, прежде всего, имевшее место экономическая депрессия, трансформированная в неопределенность, хотя достаточно четко определены экономические приоритеты. В связи с этим динамика расселения населения в Казахстане может приобрести самые неожиданные формы и направления. Расселение населения чутко реагирует, не только на глубинные процессы в экономике, но и на ошибки и недоработки экономических преобразований. Разумеется, все это требует своего осмысления и научного обобщения.

Вместе с тем необходимо учитывать современное состояние и тенденции регионального развития областей Казахстана. Так, существенно различаются регионы и по численности и по плотности населения, сложившимся формам поселений и уровню